**Қазақстан Республикасының ұлттық стандартын ҚР СТ 1678-2007 «Жолтабаны 1520 мм теміржол жолдары. Күрделі жөндеу жүргізу. Техникалық талаптар» қайта қарау жобасына түсіндірме жазба**

**1. Стандарттау жөніндегі құжат жобасын әзірлеудің техникалық негіздемесі**

ҚР СТ 1678–2007 қайта қараудың мақсаты жолды күрделі жөндеуден өткізуге қойылатын талаптарды белгілеу, сондай-ақ магистральдық теміржол желісінде сапаға, пайдалану сенімділігіне бағытталған неғұрлым прогрессивті талаптарды енгізу болып табылады.

ҚР СТ 1678 қайта қарау кезінде жолға күрделі жөндеу жүргізуге қойылатын терминдер мен анықтамалар, тағайындау критерийлері мен техникалық талаптары және жөндеу-жол жұмыстары технологиясына қойылатын негізгі талаптар бөлігінде толықтыру енгізіледі.

**2 Тиісті тапсырманы көрсете отырып, стандарттау жөніндегі құжатты әзірлеу үшін негіздеме**

ҚР СТ 1678-2007 «Жолтабаны 1520 мм теміржол жолдары. Күрделі жөндеу жүргізу. Техникалық талаптар» ұлттық стандартын қайта қарау №40 «Теміржол көлігі» стандарттау жөніндегі техникалық комитетінің бастамасы бойынша жүзеге асырылады.

**3 Стандарттау объектісінің сипаттамасы**

Жолды күрделі жөндеу жаңа және ескі жылдық материалдардағы ресурсы бар рельсті шпал торын толығымен ауыстыруға арналған.

Осы стандарт теміржол жолын күрделі жөндеуді тағайындауға, жүргізуге және қабылдауға қойылатын техникалық талаптарды белгілейді.

**4 Стандарттау жөніндегі құжат жобасының техникалық регламенттермен және стандарттау жөніндегі құжаттармен өзара байланысы туралы мәліметтер**

КО ТР 003/2011 Кеден одағы Комиссиясының 2011 жылғы 15 шілдедегі № 710 шешімімен бекітілген «Теміржол көлігі инфрақұрылымының қауіпсіздігі туралы» Кеден одағының техникалық регламенті.

МЕМСТ 32698-2014 Теміржол қатынас жолының аралық рельстік бекітпесі. Қауіпсіздік талаптары және бақылау әдістері.

МЕМСТ 32942-2022 Бағыттамалық бұрмаларға арналған алдын ала кернелген темірбетон қоссырықтар. Жалпы техникалық шарттар.

МЕМСТ 33320-2015 Теміржолдарға арналған темірбетон шпалдар. Жалпы техникалық шарттар.

**5 Стандарттау жөніндегі құжат жобасының болжамды пайдаланушылары**

Осы стандарттың пайдаланушылары «ҚТЖ» ҰК» АҚ, өндірушілер, сәйкестікті растау жөніндегі органдар, сынақ орталықтары және басқа да мүдделі ұйымдар болып табылады.

**6 Стандарттау жөніндегі құжат жобасын келісуге жіберу туралы мәліметтер**

Ұлттық стандарттың жобасы барлық мүдделі мемлекеттік органдарға, ЖЖҚМ өндірушілеріне, темір жолды жөндеуді жүзеге асыратын ұйымдар мен бөгде кәсіпорындарға бағытталған.

**7 Ғылыми зерттеулердің (сынақтардың) және өлшемдердің нәтижелері, стандарттау жөніндегі құжаттар және олардың негізінде стандарттау жөніндегі құжат жобасы әзірленетін өзге де құжаттар туралы ақпарат**

Жоқ

**8 Әзірлеуші және бірлесіп орындаушылар (байланыс деректері), стандарттау жөніндегі құжатты әзірлеу мерзімдері туралы деректер**

№ 40 «Темір жол көлігі» стандарттау жөніндегі техникалық комитеті
Астана қ., Қонаев к-сі, 6
Эл.пошта: *kashkimbaeva_s@railways.kz, tk40@railways.kz*
Тел.: +7 7172 604166, Кашкимбаева Сара Буленовна
Стандарт жобасын әзірлеуді бастауы – мамыр 2025 ж.
Стандарт жобасын бекіту мерзімі – 2026 жылғы ақпанға дейін.

**ТК №40 «Теміржол көлігі» төрағасының орынбасары** **Д. Потлов**

**«ҚТЖ» ҰК» АҚ Техникалық саясат департаментінің менеджері** **С. Кашкимбаева**